# ШЕШІМ
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 18 сәуір №7119-25-00-2/3099 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.М.Баткалова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Астана қаласы әкімдігінің «№ 3 көпбейінді қалалық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «Ay-lin» атынан - Бердімұхамед Аян Азаматқызы

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

**<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272, 273-баптарының, 277-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

Іс материалдарына қарағанда, Астана қаласы әкімдігінің «№ 3 көпбейінді қалалық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мен жеке кәсіпкер «Ay-lin» атынан - Бердімұхамед Аян Азаматқызы арасында түзілген 23.01.2025 жылғы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №2025/23/ГЗ шартқа сәйкес, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес 585 000 теңгеге «Өрт/күзеттік хабарлағышты/өрт сөндіру/бейнебақылау жүйелерін және ұқаса жабдықтауды техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет» көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г. М., 18.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.05.2025, судья Баткалова Г. М., 29.05.2025

талаптарымен Көрсетілген қызметтерді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1. тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шарттың 6.1. тармағына сәйкес, Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы Қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуіне кепілдік етеді.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес орындау мерзімі 2025 жылдың ағымында, Келісімшарт қол қойылған сәттен бастап.

Шарттың Техникалық ерекшеліктеріне сәйкес өнім берушіге қойылатын талаптар анықталған: Өтінімді қалдыру мүмкіндігі бар жұмыс сайтының болуы 24/7; тәулік бойы қол жеткізу мүмкіндігі бар ақаулар туралы өтінімдерді тіркеу үшін байланысушы тұлға (жұмыс телефоны, жұмыс ұялы телефоны, электрондық пошта) болуы. Өтінімдерді тіркеуді растау тапсырыс беруші тарапынан жауапты қызметкерлер жүгінгеннен кейін бір сағат ішінде жүзеге асырылуы тиіс. Өнім беруші Тапсырыс берушіден өтінімді сайтта не телефонограмма арқылы алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде өтінімді орындауға және бейнебақылау жүйелеріне техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындауға тиіс. Істен шыққан жағдайда провайдері бейнебақылау жүйесінің жабдығын қысқа мерзімде жабдықтың жұмысын қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды, бірақ Тапсырыс берушіні хабардар еткен кезден бастап 12 (он екі) сағаттан асырмай жүргізуге тиіс. Шарттың қолданылу кезеңінде тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша шығу саны шектелмейді. Өнім берушінің қызметкері ақаулардың алдын алу, егер мүмкін болса, оларды өз күшімен жою арқылы бейнебақылау жүйесі жабдықтарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуі тиіс.

Талап қоюшы өзінің талабын, объектілерді (5 ғимарат) беру кезінде жауапкер тіркеу және шақыру журналдарын ұсынбағанымен негіздеген. Whatsapp арқылы жалпы чатта өтініштер орындалмағанын, телефон қоңырауларына жауап берілмегенін. «Айлин» ЖК сенім телефонының WhatsApp желісіндегі хат-хабарлары ұсынылған; бейнебақылау 23.01.2025 жылдан 06.03.2025 жылға дейін, өтініштер бар жерде: 23.01.2025 ж. менеджерге хабарласа алмады, сұраулар өңделмеді, байланысқа шықпады, 26.02.2025 ж. қосымшалар акушерлік блоктың босану бөлмесінде камералар жұмыс істемейді, 18.02.2025 жылғы өтінішпен дерматологиялық блоктың жансақтау бөлімінде камералар жұмыс істемейді: 28.02.2025 ж.

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г. М., 18.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 28.05.2025, судья Баткалова Г. М., 29.05.2025
7119-25-3-1/2697

орындаушы байланысқа шықпағанын көрсеткен. Сонымен қатар, Өнім берушінің қоңырауларға жауап бермейтіні және өтінімдерді қабылдамағаны туралы 26.02.2025 жылғы акт ұсынылған. Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде орындамағандықтан, тапсырыс беруші 05.03.2025 жылы өнім берушіге шартты бұзу туралы хабарлама жіберді, шарт 10.04.2025 жылы бұзылған.

АПК-нің 267-3 бабына сәйкес 01.04.2025 жылғы процессуалдық әрекеттерге жауапкер өкілі А.К.Ануар қосылды. Алайда жауапкер қарсы пікір келтірмеген.

Ұсынылған материалдардан жауапкердің шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындамағаны, шартта белгіленген мерзімде техникалық сипаттамаға сәйкес келетін қызмет көрсетілмегені анықталды, ол туралы 26.02.2025 жылғы акт және сенім телефонына хат алмасу ұсынылған.

Мұндай жағдайларда сот жауапкердің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке негіз ретінде, сондай-ақ тапсырыс беруші үшін шарт жасасу кезінде күткенін алмау кезіндегі жағымсыз салдарларды ескереді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жауапкердің шарттық міндеттемелерді орындамауын және шартты бұзуын ескере отырып, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігінде талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігін негізге ала отырып, сот жауапкерден 1966 теңге мемлекеттік бажды төлеуге кеткен сот шығындарын өндіріп алады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Астана қаласы әкімдігінің «№ 3 көпбейінді қалалық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Ay-lin» атынан - Бердімұхамед Аян Азаматқызына қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Ay-lin» атынан - Бердімұхамед Аян Азаматқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г. М., 18.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.05.2025, судья Баткалова Г. М., 29.05.2025

Жеке кәсіпкер «Ay-lin» атынан - Бердімұхамед Аян Азаматқызынан мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

**Судья** **Г.М.Баткалова**

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г.М., 18.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.05.2025, судья Баткалова Г.М., 29.05.2025

7119-25-3-1/2697